

Сатанова А.М.
**Тәуелсіз Қазақстанның
құрылу кезеңдері**

Бұл мақалада тәуелсіз Қазақстан Республикасының құрылу кезеңдері тарихы қарастырылады. Мақалада тәуелсіз Қазақстанның құрылу кезеңдеріне байланысты халықаралық саяси жағдай және мемлекет пен құқықтың қалыптасуына әсер еткен тарихи-құқықтық өзгерістерге назар аударылады.

Түйін сөздер: Конституция, заң, мемлекет, азаматтық қоғам, саяси оқиғалар.

Satanova L.M.
**The period of formation of
Independence in Kazakhstan**

This article covered the modern period of the history of State and Law of the Republic of Kazakhstan. The article highlights the historical and legal developments in recent decades, greatly influenced the formation of the state and law in Kazakhstan.

Key words: law, state, civil society, political events.

Сатанова А.М.
**Периоды формирования
независимости в Казахстане**

В данной статье охватываются периоды формирования независимости и государственно-правые изменения в Республике Казахстан. В статье освещаются международные политические события, а также историко-правовые события внутри страны, существенно повлиявшие на становление государства и права в Казахстане.

Ключевые слова: право, государство, гражданское общество, политические события.

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚҰРЫЛУ КЕЗЕҢДЕРІ

1992 жылдың басында республика басшылығы «Қазақстанның егемен мемлекет ретінде даму мен қалыптасу стратегиясы» атты Н. Назарбаевтың еңбегінде белгіленгендей, Қазақстанның дамуына байланысты негізгі стратегиялық бағыттарды құрды. Экономика аясында келесідей мақсаттарға жету көзделген болатын: әлеуметтік нарықтық экономиканы құру; адамның экономикалық өзін-өзі анықтау қағидасын жүзеге асыру үшін құқықтық және басқа да жағдайларды жасау; ұлттық валютаны енгізу және оның ішкі, содан соң сыртқы конверсиялануын қамтамасыз ету; әлемдік тауар нарығында нақты орнығуды басқа елдермен бөлу немесе жеке жаулап алу; тұтынушылық сауданы қанықтыру; Қазақстанның дамуы үшін шетелдік инвестицияларды тарту және белсенді пайдалану.

1993 жылы наурызда, Президент жекешелендірудің бірінші кезеңінің (1991-1993 жж.) нәтижелерін бекітті. Нәтижелері көңілден шықпады. Жекешелендірілген кәсіпорындардағы жұмысшылардың саны жалпы жұмысшылардың 12% ғана құрады. Мемлекеттік тұрғын үй қорын, сауда және тұрмыстық қызмет көрсету объектілерін жекешелендіру жөніндегі алға қойған жоспарлар орындалмады. Саудада, олардың жалпы санының 40% жекешелендірілгенімен, жекешелендірілген кәсіпорындарға жекелеген тауар айналымның тек 4.5% түсті. Тұрмыстық қызмет көрсетуде жеке меншік сектор көзделген 50% дан тек 21% қызметпен қамтамасыз етті.

1993 жылы наурызда Президенттің Жарлығымен «Мемлекет иелігінен алу және Қазақстан Республикасында 1993-1995 ж. жекешелендіру ұлттық бағдарламасы (2 кезең)» іске асырылды. Бағдарламаға сай, мемлекеттің меншігіндегі барлық объектілер екі топқа бөлінді: мемлекет иелігінен алуға және жекешелендіруге жататын объектілер; жекешелендіруге тыйым салынатын объектілер – жер, оның қойнаулары, сулар, әуе кеңістігі, өсімдік және жануар әлемі – мұның барлығы тек қана мемлекеттің меншігі болып табылады.

12 қараша 1993 жылы Қазақстан, өзінің жеке ұлттық валютасы – теңгені енгізді.

1996 жылы көктемде министрлер Кабинеті мен мемлекеттік мүлікті басқару Комитеті жекешелендірудің екінші кезеңін нәтижеледі.

Ресми мәліметтер бойынша, кіші жекешелендіру аясында жеке меншікке 9 мың объект сатылды, бұл көрсеткіш кіші жекешелендіруге жататын барлық объектілердің 2/3 бөлігін құрайтынын көрсетеді.

Жаппай жекешелендіру толығымен аяқталды. Үш жылдың ішінде 22 бәсеке саудада 2000 кәсіпорынның акциялары сатылды. Агроөндірістік секторда 93% мемлекеттік шаруашылық жеке меншікке берілді. Мәселен, 1990 жылы мемлекеттік емес меншік түріндегі шаруашылық субъектілердің үлесі 40% құраса, 1994 жылдың соңына қарай олардың үлесі 60% құрады. Егерде 1990 жылы жеке секторда өндіріліп шығатын өнімнің меншікті салмағы 8% құраған болса, 1994 жылдың соңында ол 38% өсті. Банктік жүйе реформасы жүргізілді. 1994 жылдың басында бес қалыптасқан мемлекеттік банктарды қоспағанда, 175 коммерциялық банктер қызмет етті, олардың қатарында жеке меншіктегі банктер де бар.

Әлеуметтік даму аясындағы стратегиялық мақсаттар, келесідей тұжырымдалды: барлығының іс жүзінде жақсы тұрмыспен қамтамасыз етілген қоғамды құру; әрбір қалаған адамға кәсіпкерлік бостандықпен қамтамасыз ету; этникалық өзіндікті дамыту және Қазақстанның ұлттық-мәдени көптүрлілігін сақтау; еңбек табысын, зейнетақыны және жәрдемақыны экономиканың өсуі мен тұрақтануына байланысты көбейту [1].

Өтпелі кезеңнің әлеуметтік салдарын келесідей мәліметтер арқылы көруге болады. Егерде БҰҰ есептеуі бойынша адамның даму индексі жағынан (индекс үш құрамның негізінде өлшенеді: ұзақ және денісау өмірі, әрбір тұрғынның білім алуы мен Жалпы ішкі өнім) Қазақстан 1991 жылы 175 елдер арасында 61 орынды иеленсе, 1995 – 64, 1996-72, 1997 жылы 93 орынға барды.

1992 жылдың бірінші жартысында құрылған саясат аясындағы стратегиялық мақсаттар келесіге бағытталды: қуатты президенттік республиканың құру бағытында мемлекетті дамыту; көппартиялық жүйені құру; экономикалық реформаларды жүзеге асырудың тиімді шарттары ретінде тұрақтылықты қамтамасыз ету; Қазақстанның егемендігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін көпжақты және әртүрлі вариантты әскери-саяси және экономикалық одақтарға келу; адамның демократиялық құқығы мен бостандығын сақтаудың арқасында әлемдік қауымдастықта Қазақстанның саяси мәртебесін жоғарылату; әлемшаруашылық байланысына

кіруге Қазақстанның геосаясаттық жағдайын пайдалану.

Бұл жұмыс мемлекеттік символдар мен белгілері саласындағы заңдық базасын құрумен басталды. 1992 жылдың 4 маусымында парламентпен жаңа мемлекеттік белгілер қабылданды.

Алайда ең маңызды саяси мәселе болып, жаңа Конституцияның жобасын талқылау табылды. Қоғам мен парламентте ең белсенді талқыланған негізгі мәселелер мыналар: экономикалық мәселелер (оның ішінде, жеке меншіктің мәселелері), Қазақстанның әкімшілік-аймақтық құрылымы, мемлекеттік тіл, басқару нысаны, болашақ Конституциядағы азаматтық. 1993 жылы қаңтарда, оппозиция, Конституция жобасын референдумға шығаруға немесе жаңа парламенттің сайлауынан кейін қабылдауға шақырды. 1992 жылы қазан айында, Конституция жобасының жалпыхалықтық талқылауы жөніндегі ресми нәтижелері келтірілді. 1993 жылы 28 қаңтарда, жобаға Жоғарғы Кеңес бірауыздан дерлік дауыс берді (312-ден 309 дауыс). Егеменді Қазақстанның бірінші Конституциясы осылайша шындыққа айналды [2].

Қазақстандағы Кеңес билігін жою. 1990 жылы сайланған Жоғарғы Кеңестің өкілеті 1995 жылы аяқталу керек еді. Алайда, 1993 жылдың аяғында республиканың саяси өмірінде аяқасты өзгерістер орын алды. Алма-Аты аудандық Кеңесінің артынан, 1993 жылы 10 желтоқсанда Жоғарғы Кеңес өзін-өзі тарату жөнінде шешім қабылдады. 10 желтоқсанда Қазақстан Республикасының жергілікті өкілетті және атқарушы органдар туралы Заң қабылданды. Соған сәйкес республикада кеңес билігі жойылды. 1993 жылдың 17 желтоқсанында, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Кодексі жарияланды және онда жаңа сайлау жүйесі ұсынылды. 1994 жылы 7 наурызда, тәуелсіз Қазақстанның алғашқы парламентіне сайлау жүргізілді. Ресми бағалау бойынша – демократиялық, оппозиция және халықаралық бақылаулардың көзқарасы бойынша – демократиялық емес болды. 1994 жылдың сәуірінде жаңа парламент өз қызметін жүзеге асыра бастады.

1995 жылдың наурызындағы саяси тоқырау және оның салдары. Жаңа парламент бір жылдан кем жұмыс атқарды. 1995 жылдың наурызында, Қазақстанның саяси өмірінде жаңа саяси тоқырау басталды. 1995 жылы 6 наурызда, Конституциялық Сот, Орталық сайлау комиссиясының Конституцияны бұзғандығы жөнінде

шешім қабылдады, және сол себепті оны заңсыз деп тапты. Қазақстан тағы да парламентсіз қалды.

Бір ай өткеннен кейін 1995 жылы 29 сәуірде, Президенттің өкілеттілігін 2000 жылға дейін созу туралы референдум өтті. Ресми мәліметтер бойынша сайлауға 91% жоғары сайлау құқығына ие азаматтар қатысқан, олардың 95% жоғарысы өкілеттігін ұзартуды жақтады. 1995 жылдың наурызы мен желтоқсан аралығында Қазақстанда заңды сайланған заңшығарушылық билігі болмады. Елде Президенттің жеке билігі жүйесі белгіленген еді.

1995 жылғы Конституцияны қабылдаудың саяси-құқықтық себептері. 1995 жылы маусымда жаңа парламенттің сайлауын күтпей, Президент өзінің жобасын, жаңа Қазақстан Конституциясын қоғамның талқылауына ұсынды.

1995 жылдың шілде айында, жоба жалпы халықтық талқылауға ұсынылды, оның мерзімі бір ай деп белгіленді, яғни 1995 жылдың 30 шілдесіне дейін, содан соң Конституцияның жобасын референдумға шығару көзделген болатын.

Талқылау барысында ескертулердің көп бөлігі жобада келесі мәселелердің көрініс тапқанына яғни, адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының көлемі тарылып, президенттік биліктің көлемі ұлғайғандығына байланысты болды.

1995 жылдың 30 тамызында, Конституцияның жаңа жобасы бойынша республикалық референдум өтті. Конституцияны қабылдауға 89% дауыс берді, ал қатысушылардың 10% қарсы дауыс берді. 30 тамыз мемлекеттік мереке – Конституция күні деп жарияланды.

1995 жылы 7 желтоқсанда, Қазақстанның жаңа парламентіне сайлау өтті, ол 1990 жылдан үшінші, ал тәуелсіздік алған сәттен бастап, 1996 жылдан 1999 жылға дейін қызмет еткен екінші сайлау болып табылды.

Егеменді ел болып өмір сүріп келе жатқан Қазақстанда, республикамыздың саяси аясында маңызды сандық және сапалық өзгерістер көп болды.

1993 жылдың ақпанында, Қазақстанның Халықтық бірлігі одағы құрылды, 1995 жылы ол партияға өзгерді.

1994 – 1995 жылдардың аяғында, саяси аянда бірнеше саяси партиялар пайда болды. 1994 жылдың желтоқсанында, Қазақстанның Халықтық-кооперативтік партиясының құрылтай съезі өтіп, олар өзін «орталық бағыттағы

парламент түріндегі демократиялық партия» деп жариялады, ал әлеуметтік базасы деп «ауылдық тұрғындарды, кооперативтік бағыт аясындағы, материалдық өндірістегі және қызмет көрсетудегі жұмысшыларды» санады.

1995 жылы қаңтарда, Партия Возрождения Казахстана (ПВК) құрылды. Партия өзінің әлеуметтік базасы деп және тұрғындардың әлеуметтік қорғалмаған тобының мүддесін қорғауды мақсат етті: әйелдерді, мүгедектерді, зиялы еңбек қызметкерлерін, ең алдымен денсаулық сақтау және білім беру болды. Партия өзін либерал-демократиялық және орталықтанған деп санап, бес мыңға жуық адамды кіргізіп отыр.

1995 жылдың басында, Қазақстанның Аграрлық партиясы құрылды. Оның басты мақсаттары – аграрлардың әлеуметтік-экономикалық және саяси мүдделерін қорғау, мемлекеттік билік органдарында олардың мүдделерін жүргізу болды. Партия 42 мыңға жуық мүшелерді белгілеп отыр.

1995 жылы жазда, Қазақстанның Демократиялық партиясы құрылды. Бағдарламалық сөзінде айтқандай, ҚДП – азаматтық қоғам мен демократиялық құқықтық мемлекетті және әлеуметтік-нарықтық экономиканы жақтайтын мемлекеттіктердің партиясы.

1997 жылы көктемде, төрелік етуші А. Бисембаевпен бірге, Қазақстанның Либералдық қозғалысының ұйымдастырушылық тіркеуі өтті. Қозғалыстың қызметі, азаматтық қоғам институтын, құқықтық мемлекетті құруға, тұлғаның құқығы басқа құқықтардан басым болып тұруына, жеке меншікке байланысты болды. 1998 жылы қозғалыс саяси партияға айналды.

1999 жылы Қазақстанда бірнеше саяси партиялар құрылды. Қаңтарда ҚР Президентікке үміткер Н.Ә. Назарбаевты қолдау жөніндегі Қоғамдық штаб қозғалысының төрағасы С. Терешенко, оны әлеуметтік-демократиялық бағыттағы партияға қайта жаңарту туралы айтып, кейіннен ол «Отан» деген атпен құрылды [3].

Қазақстан әлемдегі мемлекеттердің ешқайсысына территориялық талаптары жоқ екендігін айтты және: мемлекеттік саясаттың басым қағидасы ретінде, бейбітшілікті сақтауды мойындап, экономикалық, саяси және тағы басқа мақсаттарға жету құралы ретінде соғысты немесе әскери күшімен қорқытуды қабыл алмайтындығын; ядролық мемлекет мәртебесін алуға және ядролық қаруды таратпау туралы келісім шартқа қосылуға ұмтылатындығын; жаппай жою қа-

руын бірінші болып қолданбау қағидасын қолдайтындығын және әлемдік қоғамдастықтағы барлық мемлекет осы міндеттемені қабылдауға

шақыратындығын; басқа мемлекеттердің ішкі ісіне араласпау және қалыптасқан шекараны бұзбау қағидасын ұстанатындығын айтты.

Әдебиеттер

- 1 Юридическая газета. // № 115 от 31.07. 2007 г. и № 133 от 30.08. 2007.
- 2 www.genconsul.de
- 3 www.quorum.kz

References

- 1 Juridicheskaja gazeta. // № 115 ot 31.07. 2007 g. i № 133 ot 30.08. 2007.
- 2 www.genconsul.de
- 3 www.quorum.kz